



*Сабақтың тақырыбы: Ғ.
Мүсіреповтың
«Боранды түнде» әңгімесі*

Сабақтың мақсаты: Шығарманың мазмұнын меңгереді, жоспар құрады, тақырыбын ұғынады, кейіпкерлер бейнесін ашады, өз пікірін қорғайды, салт-дәстүрдің мәнін түсінеді, пікір алысады, талдайды, кейіпкерлер бейнесін жинақтайды, қорытынды жасайды;

Дамытушылық мақсаты: Мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы мысалдар келтіріп, қосымша мәліметтер іздестіреді, танымдық қабілеттерін дамытады, ойлану нәтижесінде өз ойын тиянақтайды, оны дәлелді түрде жеткізеді, басқалардың пікірін сыйлап, онымен санасады, бірнеше ойды салыстырады, қарама-қарсы қояды;

Тәрбиелік мақсаты: Адамгершілікке, халықтық салт-дәстүрді білуге баулу;

1. «Еркін жауап» стратегиясы.

- Әңгіме кімнің атынан баяндалады?
- Әңгімеге арқау болған қандай оқиға?
- Әңгімеге сендер қандай атау берер едіңдер?
- Қайсар қалыңдығын алып қашуға неге мәжбүр болды?
- Мәселені басқаша жолмен шешуге болмас па еді?

2. «Түсіну» стратегиясы.

Ғ. Мүсіреповтың өмірінен хронологиялық кесте

Мерзімі	Болған оқиғалар
1902 жыл	
1923-1926 жыл	
1926-1927 жыл	
1958 жыл	
1974 жыл	

3. «Танып білу» стратегиясы.

Мақсаты: Шығарма мазмұнын қандай деңгейді меңгергендерін пысықтау үшін шығармадан үзінділер келтіру, оқушыларға *«Кімнің сөзі? Қай кезде айтылды?»* деген сұрақтар беру. («Семантикалық карта»)

4. «Талдап білу» стратегиясы.

Сатылай кешенді талдау:



Композициялық құрылым:



4. «Талдап білу» стратегиясы.

Сатылай кешенді талдау:

1.Шығарманың авторы: Ғабит Мүсірепов

2.Тақырыбы: Екі жастың сүйіспеншілігі.

Қыз алып қашу дәстүрі.

3.Идеясы: Адам бақыты жаны қалаған адаммен өмір сүру

4. Жанрлық түрі: Әңгіме



Композициялық құрылым:

*Оқизаның басталуы: Ашуға мінген
Қайсар;*

*Оқизаның дамуы (Сюжеттік байланыс):
Қыз алып қашуға аттану;*

*Оқизаның шиеленісуі: Баланың адасуы.
Бейтаныс үй;*

*Оқизаның шарықтау шегі: Кәменді
балаға ілестіру;*



5. «Түсініктеме күнделігі» стратегиясы.

*Салт-дәстүрге, әдет-ғұрыптарға
байланысты ұғымдарды түсіну.*

1. Баланы сүндетке отырғызу;

2. Балаға сүндет ат беру;

3. Қыз айттыру;

4. Қалың мал беру;



5. Қыз алып қашу;

6. Ұзатылар қыздың қоштасуы;

7. Бата беру;

8. Келіншектің қайын інісіне ат қоюы;

9. Аңшылық;



*6. «Пәнаралық байланыс»
стратегиясы.*

Дисфемизм деген не?

Мәтіннен осы сөздерді табайық:

- 1. Боқмұрын*
- 2. Оттамасын*
- 3. Иттің ғана баласы*
- 4. Қатын*
- 5. Өсекші.*


*Оларды қандай сөздермен
алмастыруға болады? Оларға
антонимдес, сыпайы сөздерді қалай
атаймыз?*

Графикалық диктант.

Дисфемизм сөздерді

эфемизм сөздермен

алмастырып жазыңдар.



7. «Кейіпкерлер» стратегиясы.

Мақсаты: Кейіпкерлер бейнесін кесте арқылы жинақтау.

1. Қайсар, Бала, Асылхан. (Ер балалар осы кейіпкерлерге сипаттама береді).

2. Кәмен, Бәден апайдың, Кәменнің сіңлісі кішкентай шошақай қызға. (Қыз балалар осы кейіпкерлерге сипаттама береді).

Іс-әрекеті	Мінезі	Кейіпкер мінезін толықтыру

8. «Пікір алысу» стратегиясы.

Шығарма несімен ұнады?	Сүйікті кейіпкерлерің	Кейіпкерге хат	Жасалған қорытынды
Қызықты, оқырман таңдамайтын, тілі жеңіл, юморлық шығарма	Бала, Кәмен, Қайсар	Бала, бастысы жеңгелі болдың, соның арқасында ат міндің ол да	Шығармадан түсінгенім кез келген адам өзі қалаған адаммен өмір сүру

Бағалау парағы:

Не бағаланады?	«5»	«4»	«3»	«2»
<i>Тақырыпты түсіндіре білуі</i>				
<i>Мәнді, орынды сұрақтар қоюы</i>				
<i>Мысалдардың сәйкестігі</i>				
<i>Жобаны қорғауы</i>				

<p align="center">Оқушының аты-жөні</p>	<p align="center">Үй тапсырмасын сұрау</p>	<p align="center">Сұрақтарға орынды жауап беруі</p>	<p align="center">Хронологиялық кесте, семантикалық кесте</p>	<p align="center">Сатылай кешенді талдау. «Талдап білу»</p>	<p align="center">«Танып білу» стратегиясы</p>	<p align="center">Түсініктемелі күнделігі</p>	<p align="center">Пән аралық байланыс жасау</p>	<p align="center">Кейіпкерлерге сипаттама беру</p>	<p align="center">Пікір алысу стратегиясы</p>	<p align="center">Қорытынды баға</p>